

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі N 654 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 195 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.04.2020 № 195 қаулысымен.**

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін мынадай нормалар мен лимиттер:

Қор резервінің есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарына есептелетін ең төменгі мөлшері провизиялар мөлшерінің кемінде он пайызы мөлшерінде белгіленсін. Қор қызметінің нәтижесінде мүмкін болатын тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылатын және оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін Қор резерві Қордың активтері мен провизияларының айырмашылығы ретінде айқындалады.

Қордың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған банктік шотындағы инвестицияланбайтын ақшаның ай сайынғы қалдығының есептіден кейінгі айдың басындағы ең төменгі мөлшері есептінің алдындағы айда Қордан төленген әлеуметтік төлемдер сомасының бір жарым еселенген мөлшерінен кем емес мөлшерде, бірақ 100000000 (бір жүз миллион) теңгеден төмен емес болып белгіленсін.

2. Провизияларды Қор алушыларға Қордан төленетін болашақ әлеуметтік төлемдердің келтірілген құны ретінде актуарлық есеп айырысуларды пайдалана отырып жыл сайын айқындайды.

3. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1323 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 49, 626-күжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК